

Бір күні ойда жоқта сарыжалдың иекартпа дөнесі дүр ете қалды да, алды-арты тартқыш жеңіл машинамен партком секретары Төлеп пен бөлімше меңгерушісі Дикан келе қалды көсегесі көгеріп (Ақиық) деген мысалда «көсегесі көгеріп» деген фразеологизм адамның көңіл-күйін, көзқарасын, әртүрлі эмоциялық әрекетін білдіретін культтік фразеологизмге жатады.

Қатал табиғат аясында азды қанағат етіп, дені таза өскен Ақиық маңызды тамақпен қоректенгелі жылдам ет алып, қондана бастады (Ақиық).

Фразеологизмдер А. Сейдімбек шығармаларындағы қолданысына және фраза-семантикалық өрістеріне қарай былайша сараланады:

Синонимдес фразеологизмдер: Ымырт үйіріліп, көз байлана ауылдың екі-үш жылқышысы құрықтарын шошайтып атқа қонды (Аққыз). Берілген мысалдағы ымырт үйіріліп, көз байлана деген сөздер синонимдес фразеологизмдер.

Өзі секілді сары тісті шалдар тырбанып, біреуін екеу етіп, жоқты бар ғып, отын-су, мал-жан деп басын тау-тасқа соғып жүргенде, ол кісі жаратылысындағы біртоға, сабыр күйінен таңбайды (Қақпаншы). Біреуін екеу етіп, жоқты бар ғып деген фразеологизмдер лексикалық синонимдермен салыстырғанда, семантикасына және іргелес қолдануына қарай әлдеқайда ауқымды және сонысына қарай бейнелі. Берілген фразеологизмдер ерекше градациялық ыңғайда сипатталуынан сөйлем айрықша дәлдікке, әсерлікке ие болып тұр.

Антонимдес фразеологизмдер. Рамазан мерген болса, «Енді өзін емес пе, тірідей көміліп жаман ырымды бастаған» деп қара жердің күл-талқанын шығарады да, біраздан соң түк болмағандай, дін-аман үйіне оралды (Рамазан мерген). Күл-талқанын шығару және дін аман деген фразеологизмдер бұл сөйлемдерде қайшы мағыналы, іргелес қолданылған тіркестер бейнеленген көріністерді көз алдымызға соншалықты айқын да дәл жеткізуге қызмет етіп тұр.

Сонымен қатар кейіпкер тілінде, портретін қолданылған фразеологизмдер бар. Мәселен, Бұл келе жатқан жолаушылардың өздерді де екі иықтарына екі кісі мінгендей, сайдың тасындай сақа жігіттер болатын (Аққыз).

– Лашын, лашын ғой мынау! – деді жасы елуді қусырып қалған егде адам жас балаша елбіреп, – Қайран сұңқардың тұқымы-ай, ә!(Табысу).

Жазушы шығармаларында мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер баршылық. Демек, қаламгер оларды өз орнында керек жерде қолдана білді деген сөз. Шығарма тілінің экспрессиясын күшейтуде жоғарыда аталғандардың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мажитаева Ш. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. –Қарағанды: ҚарМУ, 2007.
2. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. –Алматы, 2002.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. –Алматы, 1999.
4. Сейдімбек А. Аққыз. –Алматы: Атамұра, 2002.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ НООСФЕРАЛЫҚ БАСТАМАЛАР

*Мырзабаев А.Б., зоология кафедрасының доценті,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Адам өмірге келген сәттен-ақ өзін қоршаған ортаны, сырт дүниені танып, білуге ынтыққан. Дүниеге келген сәбидің әр нәрсеге ден қоя қарауы, кез келген затқа қол созу осының бір белгісі. Планетамызды мекендеген барлық халықтардың өзін қоршаған орта, табиғат жөнінде өз пікірлері, наным-сенімдері қалыптасқан, әр халықтың табиғат байлықтарын пайдалану, игеру және оны қорғау туралы өзіндік ой-пікірлері мен қалыптасқан салт-дәстүрлері бар. Білім беру мәселесінде осы ерекшеліктер негізге алынады.

Мысалы, Азия халықтарының ішінде жапондықтардың оқу-ағарту жүйесін, Еуропа елдеріндегі Германияның тәрбие және білім беру принциптерін салыстырып қарасақ, ең негізгі бағдар ретінде ұлттық психология мен халықтың темпераменттеріне ерекше маңыз бергендері анық. Осы екі елдің ұрпақ тәрбиесіндегі үлгісі балабақшаларда да, мектеп жұмыстары мен оқу жүйесінде де өз

халықтарының менталитеті мен мінез-құлықтарына сай жасалғаны бірден байқалады.

Тағы айта кететін жайт, осы экология мәселелеріне байланысты Шығыс пен Батыстың арасындағы айырмашылық туралы. Шығыс мәдениеті табиғатқа жақын, онда үстемдік ету, табиғатқа аяусыз қарау, жалпы адамгершілік тәрбие мен салт-санадан алшақтау мүлдем жат деуге болады.

Номадтар философиясына қарасақ, көшпенді қазақ халқының өзіне ғана тән, ғасырлармен ұштасқан Ұлы даланың мінез-қылық ерекшеліктері бар.

Қазақ үшін даламен қарым-қатынаста болу олардың рухани болмыстарының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Даланың шексіздігіне, көз жетпес кеңдігіне ата-бабаларымыз бейімделе өмір сүрген. Дала тіршілігіне, күшіне және әсеріне бейімделе отырып оны өзіне де, өзінің қажеттіліктеріне де бейімдеген. Осындай өз-өзімен және табиғатпен екі жақты күресте өзінің тапқырлығы мен әрекетшілдігі және мінезі шындалып қуат, жігер, түсінік, сезім мен жоғары сезім, ұмтылыс, сонымен қатар басқа адамдарға деген қарым-қатынас та қалыптасты. Көне замандағы ақын-жыраулардың, Абайдың, Сәкеннің, Шоқанның, Мұхтардың, Олжастың және т. б. ерекше төгілген ақындық дарындары мен рухтарының ақылға саюлары, тереңнен толғауы ашық жұлдызды аспан мен шексіз жасыл даланың ерекше әсерінен деп айтуға болады. Сондықтан дала ландшафты ұлттың рухани қорларын қалыптастырушы күш деп айта аламыз.

Адам таңқаларлық, қайталанбас сақ өнерінің қалыптасуына да табиғат, кең дала өз өрнегін қалдырды. Ол қазіргі суретшілердің де қиялының ұштанып ерекше қанаттанып, асқан шеберлікпен дала өмірі мен жанталасын бейнелеуде көрінеді [1].

Табиғат-ана жайлы аңыздар, қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер қазақ халқына ерекше тән. Бұл мұраларда ата-бабаларымыз өз ұрпақтарын табиғатты сүйуге, оны қорғауға, жат қылық, қатыгез әрекеттерден аулақ болуға шақырып, экологиялық тәрбие беріп отырған.

Өйткені қазақ халқының бар өмір салты табиғатпен тағдырлас болған. Табиғат аясы оның тіршілік ететін мекені болғандықтан, өзін сол табиғаттың туындысымын деп ұғынып, оның байлығын көздің қарашығындай сақтаған.

Қазақ халқы өзінің өмір сүрген ортасының, туған өлкесінің табиғатын аялай отырып, ондағы жануарлар мен өсімдіктер әлемін зерттеп, олар жайлы ой-қорытындыларын жасап, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Қоршаған ортадағы орман мен тоғайдың, өзен мен көлдің, шөл-шөлейтті жерлер мен жалпы даланың біртұтастығын, тіршілік көзі екендігін таныған. Табиғат құбылыстарын жіті бақылап, ауа-райының өзгерістерін, табиғи апаттарды алдын-ала болжау қабілеттеріне ие болған. Әсіресе, алдын-ала ауа-райын болжау арқылы табиғатпен қарым-қатынасын реттеп отырған [2].

Мысалы, А.И.Левшин өз еңбегінде мынадай пікір айтады: «Табиғатпен етене өмір сүрген, қарапайым тамақ ішіп, жайбарақаттықта, таза ауамен тыныстаған қырғыздардың (қазақтардың) денсаулығы мықты, көп жасайтын, күшті де қуатты, аштыққа, ыстық-суыққа шыдамды келеді. Қырғыздар туған жерін, атамекенін қатты қастерлейді. Кір жуып, кіндік кескен жерін тастап ешкім ешқайда кетпейді» [2]. Осы пікірден адамдардың экологиялық мәдениеттілігі салауатты өмір сүрудің кепілі болғандығын көруге болады.

Көшпелілер адам жұлдызды әлемнің бөлшегі екенін түсінген, қазақтар көне заманнан бері өздерін Ғаламның бөлшегіміз деп сезінген, содан барып өмір, тіршіліктерінің тәртіп-ережелері жасалған [3].

Қазақ халқының мәдениеті шын мәнінде экофильді. Осы дәстүрлер экологиялық сана қалыптастыруда мінез-қылықты табиғат ананы сүйуге бағыттауға негізделген.

Егер батыстық өркениет үшін ғарыш пен табиғат адамдық мақсатқа сәйкес әрекеттің объектісі және сол себептен тұлғадан тыс тұрса, онда ол көшпелілер үшін әрекеттенуші тұлға болып табылады. Ғарыш суық әрі шексіз кеңістік емес, адамдық дүниенің мәңгілік кепілі ретінде түсіндіріледі. Адам ғарыштың бір бөлігі болғандықтан, ол қоршаған ортаның түрлі қасиеттері, кескін келбеті, болмысы туралы ой толғамай, бейтарап қала алмайды. Ғасырлар бойы сұрыпталған халық даналығында барша ғалам біреу ғана деп есептеледі, ал адамдар тұтас табиғаттың құрамдас бөлігі деп танылады. Шексіздікті жеңу мәселесі сонау шумерлік өркениеттегі «Гильгамеш туралы жырдан» келе жатқан мотив. Шексіз далаға көз салған номада ең алдымен үлкен шеңбер — көкжиекті көрген. Оның өзі аспандық күмбезбен көмкеріліп тұрған. Шексіздікті ақылға сыйымды парасатпен қабылдау мүмкін емес. Ол — тылсым дүние, белгісіздіктің, қараңғылықтың, қаратүнектің таңбасы. Шексіздікті игеру

үшін тұрақты бағдар қажет. Сахара тұрғыны бағдар іздеп аспанға көз салады, Темірқазықты тауып, ол арқылы Жетіқарақшы жұлдыздарының орналасуынан, Шолпан мен Үркерге назар салуы аспанды жақындатады. Жорыққа шыққан әскер, сапардағы жолаушы, мал баққан бақташы түндегі бағдарын жұлдыздарға қарап айыратын болған [4].

Номадтар, жердегі осы өз рөлдерінің таңдауы дұрыс екендігіне сенген. Сонымен, тийым (тийым сөздер) тіршіліктегі оқиғалар айдынында адамдар үшін мінез-қылықтың бағыттаушысы болып, оларды теріс қылықтар жасаудан қорғады. Осылардың көмегімен үлкендер зорлықсыз, ерікті түрде өмірлік құндылықтарды өсіп келе жатқан ұрпаққа беріп отырған. Осы өмірлік мінез-қылық ережелерін тудырған халық, жердегі тіршілікке терең философиялық көқараспен қарап, терең түсінген. Әрине, осы тәртіп ережелері өмірге келген келесі ұрпақтың жинақтаған тәжірибелерімен толықтырылып отырған [5].

Ел, жер, қоршаған орта, табиғат туралы сан түрлі танымдық ұғым-түсініктер беретін әңгіме, хикаялармен қатар жақсылық нышандарына жоралғы, жамандыққа тосқауыл ретінде айтылатын тыйымдар мен ырымдар - халқымыздың баладан бастап үлкенге дейін ұлағаттылыққа тәрбиелеудегі бай тәжірибесінен түйіндеген қағидалары. Әрбір тыйым сөздің негізінде тәрбиелік мән, жаман іс-әрекеттен, жат пиғылдан безіндіретін фәлсапалық түйіндер жатыр [5].

Адам қоғамында тыйымның араласпайтын саласы жоқ. Тыйым сөздердің тәрбиелік мәнін ұғыну үшін оны мән-мағыналық ерекшеліктері бойынша саралап қарастыру керек. Табиғатты қоршаған ортаны қорғауға байланысты тыйым сөздерді алатын болсақ олардан экологиялық тәрбие элементтерін көре аламыз. Мысалы, «Көктей соласың» деп жамандыққа жорып, көкті жұлғызбайды; «Обал болады» деп егінді, шалғынды бейсауат бастырмайды; «Судың да сұрауы бар», «Аққан су арнасымен ақсын», «Бидің жолы ақ, судың жолы сара» деп ағын суды бұрғызбайды [6].

Негізінде кез-келген саналы адам қоғамы тыйымсыз болмайды. Өйткені салт-дәстүр, наным-сенімдер, моральдық-этикалық және құқықтық қалыптар сияқты тыйым да әрбір әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың арнауына қызмет етеді. Кез-келген қоғамдағы салт-дәстүрдің, кісілік қалыптардың, діннің, заңның, яғни кең мағынасында мәдениеттің негізі тыйым арқылы қалыптасады, сондықтан да шығар «Тыйымсыз елдің жастары диуана» дейді халық. [3, 386]. Қазіргі қоғамның тийымы – заң және конституция.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде тыйымның адам санасындағы себептік негіздері әр түрлі болғанымен, оның қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар.

Егер сол тыйымдарды адам сақтамаса өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талғам-талабымен санаспағандық болып есептеледі. Бір қарағанда тыйым атаулының басым көпшілігі мейлінше елеусіз болып көрінуі мүмкін. Алайда ең бір елеусіз деген, ең бір қарапайым деген тыйымның өзінде этикалық қалыптан туындап жататын тәрбиелілік астар болады. Тыйым атаулыға «Адам-Қоғам-Табиғат» арасындағы үйлесімге қызмет еткізетін де осы қасиет. Мына тыйым сөздер сенімнің бір көріністері: Айды нұқып көрсетпе, Жеті түнде жүрме, Жұлдызды санама, Қараңғыда киіз қақпа, Түнде түс жорыма, Түнде кір жайма. Осы сөздердің түп төркінінің тәрбиелік мәні зор. Біріншіден адамды түнгі қараңғылықта оқыс оқиғалардан, әртүрлі аң, құстардың дыбыстарынан шошынудан сақтаса, екіншіден жұлдызды әлемнің бір бөлшегі ретінде оған деген құрмет, пір тұту.

Ата-бабаларымыздың дәстүрлі халықтық тәрбиесінің тәжірибелеріне көз салсақ, осы кезеңде балаға тәрбие беру ісі жан-жақты - тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы өзін қоршаған табиғи ортаға, шаруашылыққа, дүниеге мәдени-адамгершілік ізгі қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Баланың ерсі, дөрекі әрекетіне тыйым сала отырып, оның себебін түсіндіру сол қылықты екінші қайталамауына, жақсы әрекетке қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазақ халқы табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға аяусыз да қауқарсыз қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең тануға, табиғатпен бірге өмір сүруге бейімделген. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймай, мұның өзін өздерінің моральдық-эстетикалық қалыптарына айналдырған. Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы қазақтар өздерінің білік-тәжірибесін шындап отырған. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығымен мәдениетінде кеңістік пен уақыт санаттары ерекше орын

алады. Олардың дүниетанымында бұл шамалар өмір сүрудің негізгі кепілі деп қарастырылады. Көшпелі қазақтар жыл мезгілдерін қатаң айырып, өз шаруашылық әрекетін соған байланысты бағыттаған. Қазақтардың табиғат құбылыстары жөніндегі терең де әмбебап білімдарлығы ол өмір тәжірибесі. Олар ай мен маусымдарға, жұлдыздарға ат қоя білген, осының негізінде өзіндік ұлттық күнтізбесін жасаған. Табиғат құбылыстарымен заңдылықтарын терең зерттеген қазақтардың халықтық экологиялық қағидалары қалыптасқан.

Ата-бабаларымыздың салт-дәтүріне айналған Наурыз тойының қалыптасуына Табиғат пен Қоғамның, Ел мен Елдің, Адам мен Адамның ара қатынасындағы тепе-теңдік заңын бұзбайтын, бастау-бұлақтар мен таланттардың қайнар көздерінің ашылуына мүмкіндік туғызатын және әрбір жеке адамның ар-ұятының тазалығын сақтайтын ұлы өнегелер мұрындық болған. Наурызды қарсы алу мерзімі Күн мен Түн (қараңғы мен жарық), Қыс пен Жаз (ыстық пен суық) тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойлануы тегіннен-тегін емес. Осыған орай ата-бабаларымыз Табиғат пен Қоғам, Ел мен Ел және қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың ара қатынасында да тепе-теңдік сақталуын талап еткен [6, 26-28 бет].

Қазақтың астрономиялық түсінігі бойынша, жаңа жылда күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. «Егер кімде-кім Ұлыс күннің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыздың құты дариды деген дәстүрлі ұғымға сай, Жаңа күнді қарсы алу салты қалыптасқан. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «күт дарысын» деп, айнала төңірекке ақ бүркіп үйлеріне тарасады. [6, 236]

Осы тұста біздің ізашарларымыз, мәдениетіміздегі ұлы бастаушыларымыз мыңдаған жылдар бойы халықтық педагогика негізін салушылардың әдет-ғұрыптары мен ұстанымдарының табиғатпен үндестікте тіршілік етіп, биосфераның даму заңына бағынып келгенін айтуымыз керек.

Күнкөріс үшін ежелден-ақ аң аулаған ата-бабаларымыз «дала сәні» деп, жабайы аңдарды қалай болса солай ауламай, қажетіне қарай үнемдеп аулап, қалғандарының өсіп-өнуіне жағдай жасап отырған. Мысалы, ел ішінде «ұтарлап қуу» деп аталатын киік аулау тәсілі мынадай болған екен.

Бір-бір жүйрік қосақтаған бес-алты атты адам киіктер жайлайтын жазық далаға келген соң араларына 15-20 шақырымнан жер қалдырып, жан-жаққа дөңгелене орналасады. Ертесін ертемен бірінші аңшы екіншісіне қарай киіктерді қуады. Ол үшіншісіне, осылайша біріне бірі қуып жеткізіп беріп, әрі ауысып отырады. Бір аты болдырса, қосақтағы жүйрігіне ауысып мініп, кешке дейін қуалайды. Таң атар-атпастан кеште киіктер жетіп жығылған орынға келсе, әлгі жануарлар төрт аяғын төрт жаққа керіп, денелерін жинай алмай жатады екен. Сол кезде аңшылар оларды аралап жүріп, қажеттілерін ғана іріктеп алады екен. Ал күн шыға денелері жылынған, демалған киіктер орындарынан тұрып, өз жайына кетеді.

Осылай ата-бабаларымыз табиғатпен тең, үндестікте және қарым-қатынаста ғасырлар бойы тіршілік ете білген. Қазақ даласының еркесі, сұлуы көне киіктің осы заманға дейін жетіп дала экожүйесінің тепе-теңдігін сақтауда аса зор маңызға ие болып отырғаны, міне, табиғатпен сауатты қарым-қатынастың белгісі. Қазір неге осындай дәстүлерден үлгі алмасқа? [1, 90].

Мына екінші мысалдан да халқымыздың табиғат тыныштығын бұзбауға тырысқандығын аңғаруға болады. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деп, қасқыр екеш қасқырға да жаны ашыған. Жаз айларында бөлтіріктерін тойындыру үшін қасқыр алысқа жортып, бірнеше күн болмай қалса, сол мандағы қойшы бөлтіріктері аштан өліп қалмас үшін оған ет әкеліп тастап отырған. Осыны сезген қасқыр да «жақсылыққа жақсылық» дегендей, қойшы малына бөтен бөрілерді жолатпай қорғайды екен. Жазатайым басқа бір қасқыр отардан бір мал алып кетсе, жаңағы қасқыр өзге бір бөтен мал әкеліп отарға қосып қояды екен. Осы мысал табиғатта артық еш жануар, еш өсімдік немесе ешбір артық тіршілік иесі жоқ екендігін халқымыздың түсініп білгендігін аңғартады. Жер бетіндегі тірі организмдер сол тіршілік ортасымен қоса миллиондаған жылдар бойы тіршілік етіп, біртұтас жүйеге айналған [9].

Сонымен адамның жауы – қасқыр мал шаруашылығына өте зиян келтіреді, бірақ ол да табиғаттың бір бөлшегі. Егер қасқыр жоқ болса, ғасырлар бойы ол тіршілік етіп, қалыптасқан экожүйеде қандай жағдай болар еді?! Сондықтан осындай жағдайларға тек адамның ғана көзімен қарауға бола ма?

Біздің халықта дүниеге сәби келгенде ауылдың ақсақалы далаға шығып бір бұлақ тауып алып оны тазартып, көзін аршып сол балаға арнайды екен. Бала өсіп, оң-солын танығанша барлық ауыл

адамдары жабылып осы бұлақты күтеді. Бес-алтыға толған баланы ертіп, ақсақал бұлақ басына барып көпшілікті жинап малдасын құра отырып, баланы тізесіне отырғызып: «Балам, мынау сенің бұлағың, сен туғанда біз осы бұлақты тауып, тазартып күттік, енді сен оның иесісің, өзін күтіп бапта, суы сарқылмасын. Сенің қандай адам болғаныңды осы бұлаққа қарап білетін боламыз» деп өсиет айтады екен [9, 88б].

Айтылған мәселелерден өткен ғасырларға дейін халқымызда, адамзат пен табиғат арасында біршама тепе-теңдік сақталып келгендігін байқауға болады. Экологиялық мәдениеттің қайнар көзі халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі – табиғатты аялау, оған ұқыпты қарау, қорғау мен үндестікте өмір сүру және оның байлығына деген есепті қарым-қатынас. Ерте заманда ата-бабаларымыз табиғатты, ондағы тіршілік иелерінің ортамен байланысын жақсы біліп, сауатты пайдалана білген. Олар өздерінің табиғат қорларына, табиғатың тылсым жағдайына тәуелді екенін білген. Өзін табиғаттың бір бөлшегі, табиғатпен айырылмастай байланыстамыз деп түсініп, жазу, сызу сауаты болмаса да табиғат кітабын оқи біліп, жинақталған білімді ұрпақтарына беріп отырған. Халықтық педагогика алғашқыдан бастап еңбекке, табиғатқа ұқыпты көзқарас, жоғары адамгершілік қатынастар, адамға халық даналығын тасымалдаушы, дәнекерлеуші деп сыйласымдылықпен қарау сияқты тұғырлы негіздерден тұрған.

Жиырмамыншы ғасырдан бастап ғылыммен, техникамен қаруланған адам баласы осы тепе-теңдікті бұза бастады. Наурыз тойы тойланған замандарда жоғарыда аталғандай қаншама бұлақ көздері тазартылып, өзен-суларға қамқорлық жасалған, тал егіліп орман-тоғайларды сақтау шаралары жүргізілген.

Қазіргі кезеңде де осы айтылғандар сияқты мүмкіндігінше табиғатты қорғап, оның байлығын молайтып, адамгершілік қарым-қатынаста өмір сүру үлкен міндет болуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мырзабаев А.Б. Дала экожүйесі: жануарлар. Оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. 109 бет.
2. Левшин А. Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы. Орыс тілінен аударма жасаған Кеңпейілов М. – Санкт-Петербург, 1983. – 3 т. – 230б.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. А., «Ана тілі», 1994.
4. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2003. – 408-б.
5. Бердалы Оспан // Adam Reader's, «оранжевый» номер. Источник: guljan.orghttp://odnaknopka.ru/add/http://odnaknopka.ru/add/
6. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер (Құрастырған М.Қазбеков).-Алматы: Қазақстан, 1991. -356 б.
7. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1998. - 256 б.
8. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына.–Алматы, «Ана тілі» ЖШС, 2002.-136 б.
9. Мырзабаев А.Б. Балаларға дала экожүйесі туралы. – Алматы: Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы (АСБК), 2010. -108 б.

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДЫҢ «ТАРИХ-И-РАШИДИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХАТТАР КӨРІНІСІ

*Оразбаев Қ.М., ф.ғ.к., М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қаласы
Ыбырайым Ә.О., ф.ғ.к., доцент,
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз қаласы*

«Ғалымның – хаты өлмейді, жақсының – аты өлмейді»,– деген халықтың даналық ойының дәлелі –XVI ғасырдың ғұлама перзенті Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиі» деуге болады. Ол – Орта Азия мен қазақ халқының XIV-XVI ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен